

## **"Қорға қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 сәуірдегі N 413 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қорға қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

## **"Қорға қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы**

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы қорға қамтудың құқықтық негіздері мен шарттарын белгілейді, қорға қамту кезінде талап құқығынан қайтуды жүзеге асырудың және арнайы қаржы кәсіпорыны облигацияларын шығарудың ерекшеліктерін анықтайды, арнайы қаржы кәсіпорындарды және қорға қамту мәмілесінің басқа да қатысушыларын құруға және оның қызметіне қойылатын талаптарды белгілейді.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі түсініктер:**

1) аффилиирленген тұлғалар - шешімді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) арнайы қаржы кәсіпорыны қабылдайтын шешімге, оның ішінде ауызша шартты қоса алғанда, шартқа немесе өзге де мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар тұлға (мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ өзіне қатысты арнайы қаржы кәсіпорынының осындай құқығы бар кез келген тұлға;

2) бөлінген активтер - арнайы қаржы кәсіпорыны сатып алған талап құқығы және олар бойынша түсімдер, сондай-ақ бөлінген активтерді басқарудан түсетін пайда және осы қаражат есебінен сатып алынған қаржылық активтер;

3) дебитор - оригинатор алдында қазіргі немесе болашақ ақшалай міндеттемесі бар тұлға;

4) қосымша қамтамасыз ету - арнайы қаржы кәсіпорыны шығаратын немесе шығарған талап құқығынан басқа қосымша облигацияларды қамтамасыз ету, оның құрамына қаржы институттары, облигациялардың инвестициялық тартымдылығын ұлғайту мақсатында сатып алған банктік кепілдіктер, кепілгерліктер, аккредитивтер енеді;

5) арнайы қаржы кәсіпорнының облигациялары - облигациялар, олар бойынша

эмитенттің міндеттемелерін орындау бөлінген активтермен қамтамасыз етіледі;

6) талап құқығының біркелкілігі - талап құқығының облигацияларды шығару анықтамалығы болып анықталған жалпы объективті белгісіне сәйкес келуі;

7) оригинатор - қорға қамту мәмілесін жасау кезінде талап құқығынан қайтуды жүзеге асыратын заңды тұлға;

8) талап құқықтары бойынша түсімдер - ақшалай нысандағы дебиторлардың міндеттемелері бойынша түсімдер;

9) талап қою құқығы - оригинатордың қызметтің негізгі түрін жүзеге асыру барысында туындаған ақшалай талаптар;

10) арнайы қаржы кәсіпорнындағы бөлектеп есепке алу - арнайы қаржы кәсіпорнының бөлінген активтерін, облигацияларын (оның ішінде олар бойынша есептелген купонды) заңды тұлға есебінде бухгалтерлік есепке енгізбеу;

11) қорға қамту мәмілесі - арнайы қаржы кәсіпорнының талап қою құқығын сатып алуы және активтер бөлген қамтамасыз етілген облигацияларды шығару;

12) қорға қамту - бөлінген активтермен қамтамасыз етілген облигацияларды шығару арқылы ақшалай талаптардан қайтуға арнап қаржыландыру;

13) арнайы қаржы кәсіпорнының жеке қаражаты - арнайы қаржы кәсіпорнының заңды тұлға есебінде қорға қамту мәмілесі аяқталғаннан кейін алынған (тартқан) активтері, міндеттемелері, жеке капиталы және кірісі (залалы). Арнайы қаржы кәсіпорнының жеке қаражатына бөлінген активтер, облигациялар (оның ішінде олар бойынша есептелген купон) кірмейді;

14) арнайы қаржы кәсіпорны - өзінің қызметінің айырықша түрі қорға қамтудың бір мәмілесін жасау, облигацияларды шығаруға қызмет ету және қосымша қамтамасыз ету мәмілелерін жасау болып табылатын құрылған заңды тұлға;

15) уәкілетті орган - қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеуді және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

16) басқарушы агент - қорға қамту мәмілесін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензиялардың негізінде қамтамасыз етілген облигацияларды шығарылуын оның іске асыру мақсатында жүзеге асырылған бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының қорға қамту туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының қорға қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасы, егер ол осы Заңмен өзгеше белгіленбесе, қорға қамту мәмілелерімен байланысты қатынастарға т а р а т ы л а д ы .

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **2-тарау. Қорға қамту мәмілелерінің қатысушылары**

### **3-бап. Қорға қамту мәмілелерінің қатысушылары**

Оригинатор және арнайы қаржы кәсіпорны қорға қамту мәмілелерінің қатысушылары болып табылады.

### **4-бап. Оригинаторға қойылатын талаптар**

1. Оригинатор құрылтайшылары (жалғыз құрылтайшы) жарғылық капиталдың мөлшерін толығымен төлеген немесе құрылтай шартына сәйкес өзі сатып алған оригинатордың акцияларын толығымен төлеген заңды тұлға болып табылады.

2. Оригинатор қорға қамтудың бірнеше мәмілелерін жүзеге асыруға бір уақытта қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы .

3. Оригинаторда қорға қамту мәмілерін жасағанға дейін соңғы үш жылдағы аудиторлық есептілік болуы тиіс.

Егер оригинатор қорға қамту мәмілерін үш жыл кем жасаған сәтте қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылған жағдайда, көрсетілген құжаттар ол құрылған сәттен бастап заңды тұлға қызметінің барлық кезеңіне беріледі.

4. Талап етудің болашақтағы құқықтарын беруді жүзеге асыратын оригинаторда мына рейтингтердің біреуі бар болуы керек:

1) қаржы күшінің халықаралық рейтингі рейтингілік агенттіктер сыныптамасы бойынша Қазақстан Республикасының егемен рейтингтен екі арақашықтық санаттан төмен емес, олардың тізбесі уәкілетті органмен белгіленеді;

2) қаржы күшінің рейтингі рейтингілік агенттіктер сыныптамасы бойынша ұлттық рейтингілік шәкілі бойынша ең жоғары рейтингтен екі негізгі санаттан төмен емес, олардың тізбесін уәкілетті орган тізбесін белгілейтін рейтингілік агенттіктер сыныптамасы бойынша Қазақстан Республикасына берілген сәйкес келетін егемен рейтингтен төмен емес бір егемен рейтингі бар елде тіркелген уәкілетті орган б е л г і л е й д і ;

3) қаржы үшін рейтинг тізбесін уәкілетті орган белгілейтін рейтингілік агенттіктер сыныптамасы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық рейтингілік шәкілі бойынша ең жоғары рейтингтен екі негізгі санаттан төмен емес.

### **5-бап. Арнайы қаржы кәсіпорнын құру**

1. Арнайы қаржы кәсіпорны оригинатор да, сол сияқты және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдастыру-құқықтық нысанында өзге де тұлға болып қ ұ р ы л у ы м ү м к і н .

Арнайы қаржы кәсіпорнының жарғылық капиталы тек қана ақшамен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

2. Арнайы қаржы кәсіпорнының атауы "арнайы қаржы кәсіпорны" деген сөздерді қамтуы тиіс. Атауындағы "АЗТ" аббревиатурасын пайдалана отырып арнайы қаржы кәсіпорнының атауын қысқартуға жол беріледі. Арнайы қаржы кәсіпорнының атауында оригинатор немесе оның құрылтайшыларының фирмалық атауына байланысты сөздерді пайдалануға жол берілмейді.

#### **6-бап. Арнайы қаржы кәсіпорнын өз еркімен қайта ұйымдастыру және тарату**

1. Арнайы қаржы кәсіпорнын өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе тарату уәкілетті органның рұқсатымен жүзеге асырылады.

Арнайы қаржы кәсіпорнын өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе таратуға рұқсат алу талабы мен тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Мынадай шарттар сақталған кезде уәкілетті орган:

1) арнайы қаржы кәсіпорны облигацияларының өтеу қорытындылары туралы есептерді бекіткеннен кейін;

2) арнайы қаржы кәсіпорны облигациялары бойынша дефолт жағдайында арнайы қаржы кәсіпорны облигациялары ұстаушыларының тізілімін жабу кезінде рұқсат береді.

3. Уәкілетті орган мынадай негіздемелер бойынша арнайы қаржы кәсіпорнын өз еркімен қайта құруға немесе жоюға құқылы:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдерінде көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынбағанда немесе ұсынғанда;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына берілген құжаттар сәйкес келмегенде заңды тұлғаны өз еркімен қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беруден бас тарта алады.

4. Уәкілетті орган олар түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде арнайы қаржы кәсіпорны өз еркімен қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беруге берілген құжаттарды қарайды және шешім шығарады. Уәкілетті орган өз еркімен қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган бас тартудың негіздерін көрсете отырып арнайы қаржы кәсіпорнын осы туралы жазбаша хабардар етеді.

### **3-тарау. Қорға қамту мәмілелерінің ерекшеліктері**

#### **7-бап. Қорға қамту объектілері**

1. Қорға қамту объектілері белгілі немесе болжамдалатын кірістерден немесе оларды алуы шарт талаптарынан немесе ақша қаражатын болашақта алуды растайтын Қазақстан Республикасы заңнамалық кесімдерінің негізінде туындайтын ақшалай түсімдерден тұратын талаптардың қазіргі бар құқықтары және/немесе талаптардың болашақ құқықтары болуы мүмкін.

2. Қорға қамту объектілері болып табылатын талап құқығы біркелкі болуы тиіс.

3. Егер ол облигацияларды шығару проспектісінде көзделсе және облигацияларды ұстаушылардың құқықтары мен мүдделеріне қысым жасамаса, облигацияларды ұстаушылардың өкілімен келісім бойынша арнайы қаржы кәсіпорыны қорға қамту объектілерін ауыстыруға немесе толықтыруға құқылы.

Арнайы қаржы кәсіпорыны бөлінген активтерді ауыстырған немесе толықтырған күнге дейін 30 күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы қорға қамту мәмілелерінің қатысушыларын ол туралы хабарландырады.

4. Арнайы қаржы кәсіпорыны сатып алған талап құқығы жөніндегі түсімдер қорға қамту мәмілелерін немесе қосымша қамтамасыз ету мәмілелерін жүргізумен байланысты шығыстарды төлеуге және бөлінген активтер қамтамасыз еткен облигациялар бойынша міндеттемелерді орындауға айрықша бағытталады.

5. Арнайы қаржы кәсіпорны купондарды төлеу және/немесе облигацияларды өтеу үшін қарыздар түрінде қаражатты тартуға құқылы.

#### **8-бап. Бөлінген активтер**

1. Бөлінген активтер облигациялар бойынша міндеттемелерді орындауға, қорға қамту мәмілелеріне байланысты шығыстарды төлеуге және қосымша қамтамасыз етуге б а ғ ы т т а л а д ы .

2. Бөлінген активтерді басқаруды басқарушы агент жүзеге асырады.

3. Арнайы қаржы кәсіпорнының бөлінген активтерін өндіріп алуға, оның ішінде ол тараған және (немесе) банкротқа ұшыраған жағдайда жол берілмейді.

#### **9-бап. Қорға қамту кезінде талап ету құқықтарынан қайту шарты**

1. Қорға қамту кезінде талап ету құқықтарынан қайту шарты бойынша оригинатордың дебитормен қатынастарынан туындайтын дебиторға қойылатын өзінің болашақ немесе орын алып отырған талап ету құқықтарын оригинатор береді немесе қайта беруге міндеттенеді, ал арнайы қаржы кәсіпорны оларды сатып алуды талап ету құқықтарымен қамтамасыз етілген облигацияларды орналастырудан алынған ақша қаражатын беру арқылы жүзеге асырады.

2. Егер шартта өзгеше көзделмесе оригинатор дебиторлардан талаптың қайтқан құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асырады.

3. Қорға қамту мәмілелері бойынша қайту талабының мәні болып табылатын талап ету құқығы шарт жасасу сәтіндегі орын алған ақша талаптарын, ал болашақ талаптарды - ол туындаған сәттен кешіктірмей бірегейлендіруге мүмкіндік беретіндей етіп оригинатор мен арнайы қаржы кәсіпорны арасындағы шартта анықталуы тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптары сақтала отырып қорға қамту кезінде талап ету құқықтарының қайту шарты жазбаша нысанда жасалуы тиіс.

5. Қорға қамту кезінде талап ету құқықтарының қайту нәтижесінде арнайы қаржы кәсіпорны талаптарды орындау үшін дебиторлардан алынған талап ету құқықтары

бойынша барлық түсімдердің құқығына ие болады.

Осы құқықтарды алу үшін арнайы қаржы кәсіпорны оригинаторға төлеген сомадан аз талап ету құқықтары бойынша алынған түсімдерге оригинатор арнайы қаржы кәсіпорны алдында жауап бермейді.

### **10-бап. Бөлінген активтерді басқару**

1. Уәкілетті орган берген тиісті лицензия болған кезде оригинатор немесе өзге де тұлға басқарушы агенттің функцияларын жүзеге асыруға құқылы.

2. Басқарушы агент бөлінген активтерді сенімді басқару шартының негізінде бөлінген активтерді басқаруды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген талаптардан басқа, бөлінген активтерді сенімді басқару шарты мыналарды:

1) бөлінген активтердің құрамына енетін талаптар құқығы бойынша ақша түсімдерінің шарттарын, тәртібін және мерзімдерін, және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру тәртібін немесе;

2) қорға қамту мәмілелерінің қатысушыларымен өзара іс-қимыл, оның ішінде қосымша қамтамасыз ету мәмілелерін жасау жөніндегі тәртіпті;

3) кастодиан-банкпен бөлінген активтердің құнына, қозғалысына және құрамына салыстыру жүргізу тәртібі;

4) облигацияларды ұстаушылардың, олардың өкіліне және уәкілетті органына ақпаратты ашу тәртібін;

5) шартта көзделген өзге де ережелерді қамтуы тиіс.

4. Бөлінген активтерді сенімді басқару шарты бір жақты тәртіппен бұзылуы мүмкін:

1) шарт тараптарының бірінің бастамасы бойынша; немесе

2) уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметінің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы агенттің лицензияларын қайтарған жағдайда.

Бөлінген активтерді сенімді басқару шартын бұзудың бастамашысы отыз күнтізбелік күн бұрын бұзылған күнге дейін шарт тарапын жазбаша хабарландыруға міндетті.

Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметінің тиісті түрін жүзеге асыруға басқарушы агенттің лицензияларын қайтарған жағдайда басқарушы агент үш күннің ішінде ол туралы арнайы қаржы кәсіпорнын жазбаша хабардар етуге міндетті.

Бөлінген активтерді сенімді басқару шарты уәкілетті орган көздеген тәртіппен жаңа басқарушы агентке арнайы қаржы кәсіпорнының берілетін активтерінің салыстыру рәсімдерін аяқтағаннан кейін бұзылған болып есептеледі.

### **11-бап. Қорға қамту кезінде талап ету құқықтарынан қайту**

1. Орын алып отырған талап ету құқықтары шығарылған облигацияларды мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап жасалған шарт бар болған кезде арнайы қаржы

кәсіпорнына ауысқан болып табылады.

2. Болашақ талап ету құқықтарының қайту талабы кезінде осы баптың 1-тармағында көзделген талаптар болғанда шартта көзделген қайту талабының мәні болып табылатын ақша алу құқығының өзі туындағаннан кейін бірден жоғарыда көрсетілген талаптар бар болған кезде оларды алушыға өткен болып саналады. Бұл талаптар әр кез туындаған кезде болашақ талап ету құқықтарынан одан әрі қайту қосымша рәсімдеу талап етілмейді. Егер, ақшаны талап етуден қайту белгілі бір оқиғалармен негізделсе, ол осы оқиға басталғаннан кейін күшіне енеді.

3. Осы Заңға сәйкес арнайы қаржы кәсіпорнының облигацияларының шығарылым проспектісін мемлекеттік тіркеген күннен бастап бөлінген активтерді өндіріп алу осы облигацияларды ұстаушылардың құқығын қорғау және қорға қамтулармен жасалатын мәмілелер мен қосымша қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды төлеу үшін ғана жұмсалуды мүмкін.

### **12-бап. Бөлінген активтерді есепке алу және сақтау**

1. Арнайы қаржы кәсіпорнының бөлінген активтері кастодиан-банкте кастодиандық шартқа сәйкес сақталады және шоттарда ескеріледі.

2. Кастодиандық шарт кастодиан банк, арнайы қаржы кәсіпорны, басқарушы агент а р а с ы н д а ж а с а л а д ы .

3. Үлгілік кастодиандық шарттың нысанын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

4. Кастодиан банк олар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмеген жағдайда, бұл туралы уәкілетті орган мен арнайы қаржы кәсіпорнын дереу хабардар ете отырып, басқарушы агенттің тапсырмаларына шектеу қоюға (орындамауға) м і н д е т т і .

5. Арнайы қаржы кәсіпорнының активтерін нысаналы орналастырылуына кастодиан-банктің бақылау жасауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

6. Кастодиан-банк арнайы қаржы кәсіпорнын оның шоттарының жай-күйі туралы ай с а й ы н х а б а р д а р е т і п о т ы р а д ы .

7. Кастодиандық шарт бір кастодиан-банкпен ғана бір уақытта жасалуы тиіс.

8. К а с т о д и а н д ы қ ш а р т :

1) арнайы қаржы кәсіпорны атқарушы органының тиісті шешімінің негізінде н е м е с е ;

2) басқарушы агенттің талабы бойынша немесе;

3) кастодиан-банктің біржақты тәртібімен бұзылуы мүмкін.

Кастодиан шартын бұзудың бастамашысы белгіленген бұзу күніне дейін отыз күнде шарттың талаптарын хабардар етуге міндетті.

Кастодиандық шарт уәкілетті орган көздеген тәртіппен жаңа кастодиан-банкке арнайы қаржы кәсіпорнының активтерін беру рәсімдерін аяқтағаннан кейін бұзылған болып есептеледі.

### **13-бап. Қорға қамту мәмілелері бойынша есепке алу және есептілік**

1. Арнайы қаржы кәсіпорны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте бухгалтерлік есепті жүргізеді және жеке қаражаты бойынша және арнайы қаржы кәсіпорынының бөлінген активтері, облигациялары (оның ішінде олар бойынша есептелген купон) бойынша бөлек қаржылық есептілікті ұсынады.

2. Уәкілетті орган берілген облигацияларды өтеу нәтижелері туралы есепті бекіткеннен кейін қалған облигациялар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету болып табылатын бөлінген активтер арнайы қаржы кәсіпорнының кірісіне (залалға) ж а т а д ы .

3. Арнайы қаржы кәсіпорны бөлінген активтердің бухгалтерлік есебін жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық кесімдерімен б е л г і л е н е д і .

4. Банк-кастодиан арнайы қаржы кәсіпорнының активтерін есепке алу, сондай-ақ облигациялармен мәмілелердің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

### **14-бап. Облигацияларды шығару ерекшеліктері**

1. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңнама талаптарынан басқа арнайы қаржы кәсіпорнының облигациялар шығару проспектісі мыналарды қамтуы керек:

1) оригинатордың, банк-кастодианның, басқарушы агенттің, арнайы қаржы кәсіпорнының және талап ету құқығынан қамту жөнінде төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауын және заңды мекен-жайын;

2) қорға қамту мәмілесінде оригинатордың қызметінің, құқығының және м і н д е т т е р і н ің м а ғ ы н а с ы н ;

3) талап ету құқығының сипаттамасын, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсудің шарттары, тәртібі және мерзімі және оларды орындауды бақылауды жүзеге асыру тәртібін;

4) бөлінген активтерді басқару тәртібі мен шарттарын;

5) бөлінген активтерді өзгерту мен толықтыру тәртібі мен шарттарын ;

6) қорға қамту мәселесі бойынша шығыстарды және шарттарын, оларға сәйкес арнайы қаржы кәсіпорны бөлінген активтерден берілген шығыстарды алып тастауға қ ұ қ ы л ы ;

7) қорға қамту мәмілесі тараптарының аффилиирлілігі;

8) оригинатор және қорға қамту мәмілесіне қатысатын үшінші тұлғалар қорға қамтуды қолдану тәжірибесінің бар болуы;

9) қорға қамту мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер мөлшерін, құрамын және өсімінің болжамды талдауын;

10) қосымша қамтамасыз ету туралы мәліметтерді;

11) облигацияларды шығаруды мерзімінен бұрын өтеу шарттарын және тәртібін;



12) талап ету құқығының бір тектілігінің өлшемдерін.

2. Арнайы қаржы кәсіпорнының облигациялар шығару проспектісінің ажырамас бөлігі оригинатордың қаржылық есептілігі және арнайы қаржы кәсіпорны облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеуге құжаттарын тапсыру алдындағы соңғы айдың аяғындағы жағдай бойынша қорға қамту мәмілесімен байланысты өзге есептілік б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Егер арнайы қаржы кәсіпорнының облигациялар жөніндегі бөлінген активтері шетел дебиторларының талап ету құқықтары болып табылса немесе оригинатор заңды тұлға - Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, арнайы қаржы кәсіпорнының облигацияларын шығару проспектісі сондай-ақ резиденті оригинатор болып табылатын елдің заңнамасы мен валюталық реттеу ерекшеліктеріне қатысты және оригинатордың талап ету құқығына немесе қызметіне әсерін тигізуі мүмкін ақпаратты қамтуы керек.

4. Арнайы қаржы кәсіпорнының облигацияларын орналастыру және өтеу нәтижелері туралы есептерді қарау және бекіту үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіпте және нысан бойынша қорға қамту мәмілесін және арнайы қаржы кәсіпорнының облигацияларын шығаруды көрсететін қосымша есептілік ұсынылады.

5. Арнайы қаржы кәсіпорнының облигацияларын ұстаушылардың өкілі оригинатордың аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс.

6. Арнайы қаржы кәсіпорнының облигацияларды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелері оның барлық активтері, оның ішінде бөлінген активтер мен жеке каражат есебінен өтеледі.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

##### **15-бап. Қазақстан Республикасының Қорға қамту туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Қазақстан Республикасының Қорға қамту туралы заңдарын бұзған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді.

##### **16-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*